

Ұзынкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзелу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы № 90 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 сәуірде № 6992 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 4 маусымдағы № 208 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 04.06.2018 № 208 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2007 жылдың 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1-бабы 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Ұзынкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұзынкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс
сессиясының төрағасы
Аудандық
мәслихаттың хатшысы*

Б. Жумабаев

А. Бараншина

КЕЛІСІЛДІ

"Ұзынкөл ауданының әкімдігінің
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық, жолаушылар көлігі
және автомобиль жолдары бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Р. Сабидов

Мәслихаттың
2017 жылғы 17 наурыздағы
№ 90 шешіміне қосымша

Ұзынкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

--	--	--	--

№ р/с	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық шамасы, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үй иелігі	1 тұрғын	1,39
2	Қонақ үй	1 орын	0,75
3	Балабақша, бөбекжай	1 орын	1,06
4	Мекеме, ұйымдар, офис, банк, байланыс бөлімшесі	1 қызметкер	1,26
5	Емхана	1 адам	0,9
6	Аурухана	1 төсек-орын	1,96
7	Мектеп	1 оқушы	0,14
8	Дәмхана	1 орын	0,46
9	Концерт залы	1 орын	1,26
10	Стадион	Жоба бойынша 1 орын	0,02
11	Азық-түлік дүкені	Сауда алаңы 1 м ²	0,67
12	Өнеркәсіптік тауарлар дүкені	Сауда алаңы 1 м ²	0,67
13	Дәріхана	Сауда алаңы 1 м ²	0,14
14	Автожанармай құю станциясы	1 машина-орын	1,26
15	Монша	Жалпы алаңы 1 м ²	2,3
16	Шаштараз	1 жұмыс орын	1,26

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК